

Өсімдіктер карантині мен оларды қорғау жөніндегі ресми ұлттық ұйымды айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қарашадағы № 1476 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитеті 1997 жылғы қарашада біріккен ұлттардың Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы конференциясының 29-шы сессиясында қабылданған Өсімдіктер карантині мен оларды қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияның IV бабының 2-тармағында көзделген міндеттерді орындауға жауапты өсімдіктер карантині мен оларды қорғау жөніндегі ресми ұлттық ұйым болып а й қ ы н д а л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі біріккен ұлттардың Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы шеңберінде құрылған Фитосанитариялық шаралар жөніндегі комиссияның хатшысына осы қаулының 1-тармағында көзделген өсімдіктер карантині мен оларды қорғау жөніндегі ресми ұлттық ұйымды айқындау туралы мәліметтерді жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. Ахметов